ФОТОЭТЮД

Суретті түсірген **Ерлан ОМАР**, «ЕQ»

ЕРКІН ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ

Шыңғыстың шыңы

Төртінші сынып оқитын қостанайлық Шыңғыс Ағыбаев есту қабілеті зақымданған балалар арасында өткен халықаралық музыкалық онлайн-фестивальдың жеңімпазы атанды.

Нұрқанат ҚҰЛАБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

«MED-EL жұлдызы» атты музыка фестиваліне қостанайлық жас дарынмен қатар, Ресей, Украина сияқты көптеген елдің өнерпаз өрендері қатысқан. Шыңғыс байқауға Қостанай қаласының орталығында түсірілген «Rise like a phoenix» әнінің бейнебаянын жіберіпті.

– Ұлым отитпен ауырып, үш жасында мүлдем есту қабілетін жоғалтты. Төрт жасқа толған соң, имплант орнаттық. Тілі қалыптасқан соң, баламыздың ән салуды ұнататынын аңғардық. Сөйтіп, вокал үйірмесіне бердік. Кейін биге жазылып, екі үйірмені қатар алып жүрді. Шыңғыс есту қабілеті зақымданған балаларға арналған арнайы балабақшада тәрбиеленді. Бірақ қазір көпшілікпен бірге жалпы білім беретін мектепке барып жүр, – деді жас әншінің анасы Ләззат Ағыбаева.

Қазылар алқасы ән фестиваліне қатысқан 85 үміткердің 16-сын ғана финалға жіберген. 10 қазанда өткен ақтық кезеңнің қорытындысы бойынша үздіктер қатарынан дараланып шыққан Шыңғыс жеңімпаз атанды. Анасының айтуынша, бұл дарынды өнерпаздың алғашқы жеңісі емес. Ол бұған дейін Польша астанасында да ән шырқап, жеңіс тұғырынан көрініпті.

Қостанай облысы

ДОСТЫҚ ДӘНЕКЕРІ

Жас бишілер жарады

Қазақ ұлттық хореография академиясының студенттері «Встречи на берегах Невы» халықаралық хореографиялық ірі өнер фестиваліне қатысты. Олар хореография факультетінің аға оқытушысы Анвара Садықованың жетекшілігімен «Тұран» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің өңделіміндегі күйші Дәулеткерей Шығайұлының музыкасына қойылған «Жастар» нөмірін ұсынды. Мұнда қазақ жастарының рухы мен қуаты айқын көрінеді.

Мұхтар КҮМІСБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Фестиваль осымен оныншы рет өткізіліп отыр. Пандемияға байланысты іс-шара онлайн форматта ұйымдастырылды.

Айтулы іс-шара Беларусь, Грузия, Италия, Қазақстан, Латвия, Ресей және Жапония елдерінен келген хореографиялық ұжымдардың 350-ден аса қатысушысының басын қосты. Барлық қатысушы дипломдармен, ал жетекшілері алғыс хаттармен марапатталды.

Іс-шара барысында Қазақ ұлттық хореография академиясының проректоры Бибігүл Нүсіпжанова «Встречи на берегах Невы» фестивалінің ұйымдастырушылары мен қатысушыларына өзінің құттықтауын жолдады.

«Осы мерейлі сәтті пайдаланып, фестивальдың алғаш құрылуы мен қалыптасуына атсалысқан барлық қатысушыға ризашылығымды білдіремін. Жыл сайын жобаның ауқымы мен аясы кеңейіп, қатысушылардың хореографиялық шеберлігі жаңа биікке көтеріліп келеді. Жастар жаңа белестерді бағындырып қана қоймай, өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып жатқандай. Барша-ңызға ұзақ өмір, табыс және амандық тілейміз» деді Б.Нүсіпжанова.

Айта кетейік, былтыр «Встречи на берегах Невы» фестивалінде Қазақ ұлттық хореография академиясының студенттері «Үздіктер» атағына ие болған болатын. Сол кеште Алмат Шәмшиевтің жетекшілігімен Аққанат Смағұлова мен Жания Қанат халық музыкасына қойылған «Әшекей» хореографиялық миниатюрасын ұсынды. Сондай-ақ Анвара Садықованың қойылымындағы Нұрғиса Тілендиевтің музыкасына «Аққулар» биін билеп, көпшіліктің ыстық ықыласына ие болған еді.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Кино мектебі ашылады

Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясымен бірлесіп, шығармашылық кино мектебін ашуды жоспарлап отыр. Ұйымдастырылған шығармашылық курстар актер, режиссер, оператор және драматург мамандарын даярламақ.

Ая ӨМІРТАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Қазіргі таңда отандық киноиндустрияға арналған жаңа кадрлар ұстаханасының тұжырымдамасы, мақсаттары, міндеттері және оқу бағдарламасы әзір. Қатысушыларға «режиссура», «кино өнері», «кино драматургиясы», «монтаж», «операторлық өнер» пәндері бойынша білім берілмек. Сондай-ақ «Кино және кино туралы 24 сағат немесе кино өндірісінің негіздері» және «Музыкалық клип актері» атты қос ауқымды жоба аясында оқыту жоспарлануда.

«Кино мектебі – барлық өнер түрін қамтитын бірегей алаң. Жалпыға ортақ жариялылық пен жаһандану дәуірінде смартфоны бар әр адам медиа тұлғаға айналуда. Медиа контентті құру процесі едәуір жеңілдетілді, дегенмен он жыл бұрын оған кем дегенде бір ай уақыт кетсе, бүгінде ең көп дегенде бір күнінді алады. Интернет кеңістігі сапасы күн сайын төмендеп бара жатқан медиа контентке толы, ал оған деген сұраныс керісінше өсуде. Осыған байланысты, Кино мектебі білім бере отырып, өндірістік процестерді қамтамасыз етеді», дейді жобаны ұйымдастырушылар.

Кино мектебінде оқуға қызығушылық танытатындар үшін арнайы талаптар бекітілген. Тыңдаушының жасы 16-дан кем болмауы керек. Болашақ кинематографист кәсіби құзыреттілікке ие болуға және шығармашылық курстардан өтуге жауапкершілікпен қарауға дайын болуы тиіс. Ал курс оқытушыларына қатысты да нақты талаптар қойылған, қазір Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы мен Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы іріктеу жұмыстарын жүргізіп жатыр.

ФУТБОЛ

Роналду коронавирус жұқтырды

Португалиялық әйгілі футбол жұлдызы, төрт дүркін «Алтын доп» иегері Криштиану Роналду коронавирус індетіне шалдықты.

«Ювентус» клубының шабуылшысы Португалия құрамасымен бірге Ұлттар лигасы аясындағы кезекті тур ойыны алдында коронавирустың бар-жоғын анықтайтын тест оң нәтиже көрсеткені белгілі болды. Европалық БАҚ өкілдерінің хабарлауынша, Роналдуда вирустың ешқандай белгілері байқалмаған және ол денсаулығына қатысты ешқандай шағым айтпаған. Десе де футболшы ұлттық құрама базасынан кетіп, адамдардан оқшауланған. Енді ол алдағы бірқатар ойынға қатыса алмайды. Соның ішінде Ұлттар лигасындағы Швециямен өткен ойынға қатысқан жоқ.

Айта кетейік, кейінгі апталарда Европада коронавирусқа шалдыққандардың саны артып, екінші толқыны байқалып жатыр. Сондай-ақ ТОП-5 чемпионаттың бірқатар клубының ойыншылары мен қызметкерлінен де індет табылған. Мәселен, Роналду өнер көрсететін «Ювентус» клубының екі қызметкерінен коронавирус анықталып, клуб өкілдері карантинге жабылған.

КӘСІПҚОЙ БОКС

Азулы қарсыласпен жұдырықтасады

Әуесқой бокста біраз белесті бағындырып, бокс мамандарын өзінің мықтылығымен мойындатқан отандасымыз Тұрсынбай Құлахметтің кәсіпқой боксқа ауысқаны баршаға белгілі.

Боксшымыздың ісін жүргізетін МТК Kazakhstan менеджерлік компаниясының хабарлауынша, Құлахмет кәсіпқой бокстағы екінші кездесуін 11 қарашада өткізеді. Ұлыбританияда ұйымдастырылатын бокс кешінде шаршы алаңға шығатын жерлесіміздің бұл жолғы жекпе-жегінің жүгі ауыр болмақ. Өйткені орта салмақта өнер көрсететін өреніміз кәсіпқой бокста 14 кездесу өткізіп, бірде-бірінде жеңілмеген жергілікті боксшы Маклей Макгоуэнмен (14-0-1, 3 КО) WBC International вакантты титулы үшін жұдырықтасады.

Айта кетейік, Тұрсынбай Құлахмет кәсіпқой бокстағы дебюттік жекпе-жегін 23 тамызда Алматыда өткізіп, Сағадат Рахманқұловты (6-2, 4 КО) техникалық нокаутпен жеңген болатын.

ВЕЛОСПОРТ

Үздіктер қатарынан шығып қалды

Италия тас жолында өтіп жатқан велоспорттан «Джиро д'Италия» көпкүндік веложарысының 10-кезеңінде BORA - hansgrohe командасының өкілі Петер Саган жеңімпаз атанды.

177 шақырымға созылған кезекті жарыс күнінде Саган аталған қашықтықты 4 сағат 1 минут 56 секундта жүріп өтті. Екінші және үшінші орындарды американдық Брэндон Макналти (UAE-Team Emirates) мен португалдық Жоао Алмейда (Deceuninck – Quick Step) еншіледі. Ал «Астана» капитаны Якоб Фульсанг мәре сызығын 21-ші болып кесіп, жалпы есептегі жағдайын нашарлатып алды.

Ал жалпы есепте Жоао Алмейда көш бастап тұр. Екінші және үшінші орындарда бірдей уақыт көрсеткішін тіркеген Нидерланд өкілі Вилко Кельдерман (Sunweb) мен испаниялық Пело Бильбао (Bahrain – McLaren) тұр. Ал Фулсанг 11-орынға түсіп қалды.

Дайындаған
Әли БИТӨРЕ,
«Egemen Qazaqstan»

EGEMEN QAZAQSTAN
Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады

МЕНШІК ИЕСІ:
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы
Дархан ҚЫДЫРӘЛІ

Басқарма төрағасының орынбасары – бас редактор
Айбын ШАҒАЛАҚ

Басқарма төрағасының орынбасары
Ерболат ҚАМЕН

Бас редактордың орынбасарлары
Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ
Думан АНАШ
Талғат БАТЫРХАН

Жауапты хатшы
Самат МҰСА

Саясат және құқық бөлімі
Жолдыбай БАЗАР

Экономика бөлімі
Арнұр АСҚАР

Әлеумет және білім бөлімі
Орынбек ӨТЕМҰРАТ

Мәдениет және руханият бөлімі
Мирас АСАН

Әдебиет және өнер бөлімі
Ерлан ЖҮНІС

Интернет-редакция бөлімі
Уәлихан ҚОСАНБАЙ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Нұр-Сұлтан – astana@egemen.kz
Ақтау – mangystau@egemen.kz
Ақтөбе – aqtobe@egemen.kz
Талдықорған – 7su@egemen.kz
Атырау – atyrau@egemen.kz
Көкшетау – kokshe@egemen.kz
Қарағанды – qaragandy@egemen.kz
Қызылорда – qyzylorda@egemen.kz
Қостанай – qostanai@egemen.kz
Орал – bqo@egemen.kz
Өскемен – shygys@egemen.kz
Павлодар – pavlodar@egemen.kz
Тараз – taraz@egemen.kz
Шымкент – oqo@egemen.kz
Петропавл – sqo@egemen.kz

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010008 Нұр-Сұлтан, «Егемен Қазақстан» газеті» көшесі, 5/13 050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а
АНЫҚТАМА ҮШІН:
Нұр-Сұлтан: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87;
Электронды пошта: info@egemen.kz
Интернет-редакция: portal@egemen.kz
Алматыда: 8 (727) 273-07-87,
факс 8 (727) 273-07-87;
Электронды пошта: almaty@egemen.kz
МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ:
Нұр-Сұлтанда – 8 (7172) 37-60-49, 37-64-48, advert@egemen.kz, egemen_adv@mail.ru
Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26, adv@egemen.kz

Индекс **65392.** Аптасына **5** рет шығады.
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Көлемі 12 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді.
«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газетті есепке қою туралы
№01-Г куәлікті 2018 жылғы 23 сәуірде Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген.
«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009
Сапа менеджменті жүйесі.
Талаптар талаптарына сәйкес сертификатталған.

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: **1499 («Қазпошта» АҚ)**

ТАРАЛЫМЫ 185 720 дана

ISSN 1999-9720

Нөмірдің кезекші редакторлары
Айгүл СЕЙІЛ, Рауан ҚАЙДАР